

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Журналистика факультеті
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы

6B03211 – «Әскери журналистика» мамандығы
бойынша білім беру бағдарламасы

«Журналистика жанрларының модельдері» пәні бойынша
қорытынды емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің коды: ID 1765995

Курс – 2
Семестр – 3
Кредит саны – 5 (Лекция-1, Семинар-2)

Алматы 2025 ж.

«Журналистика жанларының модельдері» пәні бойынша қорытынды емтихан
бағдарламасын Жұмыс оқу жоспары және Білім беру беру бағдарламасының пәндер
каталогы негізінде құрастырған PhD, доцент А.Б.Ақынбекова

Баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының мәжілісінде қарастырылды және мақұлданды

«28» сәуір 2025 ж., № 4 хаттама

Кафедра меңгерушісі А.Альжанова

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Журналистика жанрларының модельдері» пәнінің мақсаты - журналистиканың негізгі жанрларын теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, заманауи медиа кеңістіктегі жанрлық эволюцияны түсіндіру, сондай-ақ студенттердің шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамыту.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- 1-нәтиже.
Студент журналистика жанрларының тарихи қалыптасуы мен даму модельдерін түсіндіреді.
- 2-нәтиже.
Студент әр жанрдың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін талдай алады
- 3-нәтиже.
Студент түрлі жанрда журналистік материалдар әзірлей алады.
- 4-нәтиже.
Студент заманауи медиа платформалардағы жанрлық трансформацияны түсіндіреді.
- 5-нәтиже.
Студент журналистика жанрларын зерттеу мен модельдеу әдістерін қолдана алады.

Емтихан ережелері:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Студенттер мен оқытушы емтиханның күні мен уақытын алдын ала білуі қажет.
3. Универ жүйесінен, әрбір емтихан тапсырушыға жеке бір билет жарияланады.
4. 30 минут бұрын емтиханның басталатындығы туралы еске салу қажет.
5. Қосымша ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салу туралы ескертеді.

Емтихан тапсыру нәтижелері бойынша:

Универ жүйесінде қорытынды ведомостьке бағаларын қояды (емтиханнан кейін 48 сағат ішінде).

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар:

1- МОДУЛЬ Журналистика жанрларының пайда болуы

1. Журналистика жанрларының теориялық негіздері
2. Журналистика жанрларының даму тарихы және ғылыми зерттелуі
3. Ақпараттық жанрлар жүйесі: жаңалық, заметка, хабар
4. Талдау жанрлары: мақала, шолу, комментарий
5. Көркем-публицистикалық жанрлар: очерк, эссе, фельетон

2- МОДУЛЬ Заманауи журналистика жанр бағыттары

1. Сұхбат жанры: түрлері мен құрылымдық ерекшеліктері
2. Репортаж жанрының табиғаты және эволюциясы
3. Журналистік зерттеу және аналитикалық материалдардың ерекшелігі
4. Журналистік зерттеу жүргізудің кезеңдері
5. Жанрлар арасындағы синтез және гибридтік пішіндер

3-МОДУЛЬ

1. Мультимедиялық журналистика және жанрлардың трансформациясы
2. Интернет-журналистикадағы жаңа жанрлық модельдер (подкаст, блог, сторителлинг)
3. Тележурналистика мен радиожурналистикадағы жанрлық ерекшеліктер
4. Қазақ журналистикасындағы ұлттық ерекшеліктер мен жанрлық дәстүрлер
5. Журналистика жанрларын зерттеу мен модельдеу әдістері (қорытынды шолу)

Әдебиет:

Негізгі:

1. Шындалиева М. Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы: Оқулық. – Астана: ЕҰУ АББ, 2012.
2. Қожакеев Т. Журналистика және өмір. Алматы: Қазақ университеті, 2003.
3. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860–1930). Алматы: Қазақ университеті, 1981
4. Нұртазина Р. Қазақ журналистикасының жанрлық жүйесі. Алматы: Қазақ университеті, 2012.
5. Омашев Н. Журналистика негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2005.
6. Тоқтағалин М. Қазіргі қазақ журналистикасының жанрлық дамуы. Алматы: Қазақ университеті, 2018.

Қосымша әдебиеттер:

1. Гуревич С. Редакционный менеджмент. – М., 1995.
2. Ворошилов В. Журналистика и рынок: проблемы маркетинга и менеджмента СМИ. – СПб, 1997.
3. Гуревич С. Газета и рынок: как добиться успеха. – Москва, 1994.
4. Кропотов Л. Журналистика на путях социологии. – Свердловск, 1976.

Интернет-ресурстар

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1 Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline.

Платформасы: Univer АЖ

2.2 Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 2 сұрақ бар: 1-сұрақ: 1 *критерий*. Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. 2 *критерий*. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау. 2-сұрақ: 3 *критерий*. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. 4 *критерий*. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

- 2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
- 2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.
- 2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.
- 2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.
- 2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.
- 2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

- 1) емтихан жұмыстарын жинайды;
 - 2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – Х әрпі;
 - 3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.
- 2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірітілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смартфондарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Формасы: Стандартты жазбаша offline.

Платформасы: Univer АЖ

№	Балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	Критерий	90-100% (30-33 балл)	70-89% (21-29 балл)	50-69% (14-20 балл)	25-49% (8-13 балл)	0-24% (0-7 балл)
I сұрақ	Курс теориясын және таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдануды біріктіру мүмкіндігі	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін толық емес шешумен қойылған сұраққа толық емес, кейде дәлелді жауап беру; курстағылыми тілдік нормаларды сауатсыз қолдану.	Жауап саяси коммуникация принциптерін ашпайды, олардың көзқарастарын үстірт дәлелдейді және курстың негізгі көздерін минималды түрде көрсетеді.	Жауап саяси коммуникация принциптерін ашпайды және курстың негізгі көздерін көрсетпейді.	Тапсырманы шешудің қисынсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; мәселелерді шешу, жалпы тапсырмаларды орындау қабілетсіз

						дігі; нормадан асатын кателер мен олқылықт арға жол беру.
2-сұрақ	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтижені негіздеу	Ғылыми кағидалар мен қолданбалы әдістеме мен технологияны дәйекті, логикалық және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс қорытындыға әсер етпейтін материалды баяндаудағы ең аз дәлсіздіктерге жол беріледі.	Тапсырманы орындаудың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейтін тұжырымдамалық материалды пайдаланудағы жеке болмашы дәлсіздіктерге, жалпылаулар мен қорытындылардағы болмашы қателіктерге жол беріледі.	Негізделген ғылыми ережелерді қолдану туралы қорытындылар бұлыңғыр және дәлелсіз болып табылады, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде нақты емес стильдік және грамматикалық қателер бар;	Жауап дипломатияның ғылыми негіздері туралы кейбір ақпараттың механикалық қайта шығарылуын көрсетеді, бірақ ол жеткіліксіз, өйткені оның елеулі қателері бар.	Тапсырма өрескел қателермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, концептуалды материалмен дәлелдеу нашар пайдаланылды.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

Декан



Қ. Әуесбай

Кафедра меңгерушісі



А.Альжанова

Дәріскер



А.Акынбекова